

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКА»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдарының жинағы



Алмағы, 2014

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

Қ 17

*Баспаға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылды*

Редакциялық алқа

Жұмағұлова А.Ж., ф.ғ.к., доцент

Әлімтаева Л.Т., ф.ғ.к., аға оқытушы

Күркебаев К.Қ., ф.ғ.к., доцент

Өмірбекова Р.Қ., ф.ғ.к., доцент

Рамазанова Ш.Ә., ф.ғ.к., доцент

Қ 17 «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 264 б.

ISBN 978-601-04-0942-2

Жинақта қазақ тіл біліміндегі қазіргі басымдықтары мен жаңа бағыттар, тілді зерттеудің функционалдық ерекшеліктері мен тілді кәсіби бағдарлы оқытудың теориялық аспектілері талданып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Жинақ филолог ғалымдарға, филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, PhD докторанттарына, сонымен бірге тіл білімінің мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

© «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 2014

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2014

ISBN 978-601-04-0942-2

МАЗМҰНЫ
ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<i>Әлкебаева Д.</i> Қазіргі функционалды грамматика: кеністік категориясы	5
<i>Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Омарова С. Қ.</i>	
Оқу сөздіктерінің тілүйренімдегі орны	13
<i>Сағындықұлы Б.</i> Түркі тілдеріндегі ілік септігінің даму тарихы	21
<i>Салқынбай А.Б.</i> Мәтін мәнінің кілті	31
<i>Смағұлова Г.Н.</i> Неологизмдердің лингвистикалық ерекшеліктерін талдау мен оқыту	37
<i>Шалабай Б.</i> Синтаксисті зерттеудегі көзқарастар	45

I СЕКЦИЯ

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚАЗІРГІ БАСЫМДЫҚТАР МЕН ЖАҢА
БАҒЫТТАР: МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ, ТІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ
КОГНИТИВТІК, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ,
СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЗЕРТТЕУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

<i>Аймурзаев Ф.</i> Тілдік құрылымның функционалды классификациясының жіктелуі және оның типтері	54
<i>Айхынбаева Ұ.</i> Қазақ терминографиясы – қазақ тілі терминдерін реттеуші механизм	57
<i>Амантай Т.</i> Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің валенттілігі	62
<i>Әлімхан А.Ә.</i> Әдеби ономастика: өзектілігі мен манызы	66
<i>Аширова А., Өмірбекова Р.Қ.</i> Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты	72
<i>Балгабаева Ә.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің қолданылу аясы мен құрамында келетін түстердің атқаратын қызметтері	80
<i>Баялиева Г.Ж., Сарышова К.С.</i> История развития категории имени прилагательного в тюркских языках	85
<i>Бисегалиева Назира.</i> Балалар әдебиетіндегі лингвокогнитивтілік	90
<i>Ермагамбетова Л., Абдрахманова Ж.</i> Жай сөйлемді оқытудың лингвистикалық негіздері	94
<i>Оразбаев Қ.М., Кенеханов Е.Т.</i> Бауыржан Момышұлының қазақ тілі туралы пікірі	99
<i>Құдасова А.Т.</i> Дәстүрлі күрделі атаулардың мотивациясы (уәжділігі)	105
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Байырғы сөз мағыналарының кеңеюі	110
<i>Мамаева М.</i> Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын танудағы қиындықтар, оларды шешу жолдары	118
<i>Мәнкеева Айгерім.</i> Түр-түстердің ассоциациялануы	121
<i>Мұхтарова Ш.М.</i> Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі	127
<i>Рахышева А.</i> БАҚ-тағы троптың когнитивтік сипаты	131

қоймайды. Яғни ол сыртқы дүниемен ылғи қарым-қатынаста, тығыз бірлікте, диалектикалық байланыста болып келеді.

Тіл тарихи дамудың жемісі бола тұрып, өзін тудырған халықтың өткір құралы болып табылады. Сөйленіс тілдің кейбір көне, архаикалық қалпын көрсетеді. Диалекті мен сөйленісті зерттеу сол халықтың тарихын анықтауға ғана пайдалы емес, сонымен бірге туыстас ұлттың тарихын ашуға да өте-мөте қажет. Сөйленісті зерттегенде, әсіресе, оның фонетикалық ерекшелігін қарастырғанда, жазып алатын аппаратты пайдалану өте-мөте қажет. Ол жиылған материалдың сан жағынан да, сапа жағынан да тыңғылықты болуына әсер етеді.

Қазақ тілін және оның сөйленісін зерттегенде, соның дамуына, өсіп өркендеуіне әсер еткен барлық тарихи-географиялық факторды жадымызда сақтап, ескеруіміз керек болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Досқараев Ж. Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері, Алматы, 1962 ж.
2. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы, Алматы, 2002.
3. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы, Алматы 2005.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы диалектологии, пути их решения.

БАҚ-ТАҒЫ КОМПАРАТИВТІЛІКТІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ДӘРЕЖЕСІ

*Әлімтаева Л.Т., филология,
әдебиеттану және әлем тілдері факультеті,
қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
Турсын Ш.К., магистрант,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Тірек сөздер: компаративтілік, салыстырмалы дәреже, теңдік дәреже, үстемелі дәреже, асырмалы дәреже.

Болмыстағы заттар мен құбылыстар, ең алдымен, өздеріне тән айырықша белгілері арқылы танылады. Зат белгілері заттың ішкі немесе сыртқы сын-сипат және сапалық қасиеттерінің ажыратылуымен айқындалады. Демек, сын-сипаттың, қасиеттің жиынтығы заттың

сапасын құрайды. Сапа бір заттан екінші затты ажырататын, ерекшелендіретін, болмысын айқындалатын басты белгі болып табылады. Дәстүрлі грамматикада осындай белгінің тілдегі көрінісін тек сын есімдер арқылы ғана беруге болатындығы айтылады. Ал жана бағыт функционалды грамматиканың аясында мағынадан формаға бағытында тіл бірліктерінің қызметі зерттелінетіндіктен басқа да тіл бірліктерінің осы мағынаны бере алатындығы айқындалып отыр. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың ішкі-сыртқы сапалық қасиеттері мен кимыл-сынының ерекшеліктерін білдіретін тіл бірліктерінің жиынтығы функционалды грамматикада компаративтілік деп аталады. Тіл қолданылу аясы мен ортасына байланысты әр түрлі болады. Бейтарап лексикадағы компаративтілік пен БАҚ-тағы компаративтіліктің қолданылуы мен құрылымында ерекшеліктер болады. Қазақ тіл білімінде қазақ тіліндегі компаративтілік әлі күнге толыққанды зерттелініп болды деп айта алмаймыз. Қазақ тіліндегі компаративтілік категориясы орыс және неміс тілдерімен салғастырылып зерттелінгені ғана белгілі. Ал қазақ тіл ғылымының дамуы үшін функционалды грамматика салаларының толыққанды зерттелуі, категорияларының қазақ тіліндегі көріністері мен ерекшеліктерін айқындалуы маңызды. Айтып өткеніміздей БАҚ тілі бейтарап лексикадан ерекшеленеді. БАҚ-тағы компаративтіліктің ерекшеліктері мен қасиеттерін ашу өзекті мәселе болып табылады.

Заттар сынының дәрежесі танушы субъект тұрғысынан екі түрлі жолмен анықталады. Заттар белгілі бір ортақ сын негізінде, оның дәрежесінің деңгейіне қарай салыстырыла анықталады, екінші бір жағдайда олардың сын дәрежесі сол қоғамда, сол ортада, сол мезгілде қалыптасқан ортақ өлшем тұрғысынан айқындалады. Осыған орай компаративтілік салыстырмалы және салыстырмасыз дәрежелерге ажыратылады. Салыстырмалы компаративтілік мағыналық ерекшеліктеріне қарай теңдік, үстемелі, асырмалы субкатегорияларға жіктелінеді.

Теңдік дәреже. Белгі дәрежесі семантикалық категория тұлғасында тіл білімінде екіге жіктеліп, әртүрлі аталып жүрген ұғымды қамтиды. Жеке-жекелеп аталса да, түбі бір екенін А.Ысқақовтың іргелі еңбегіндегі сипаттауынан көреміз. Белгінің салыстырмалы дәрежесін іштей теңдік дәреже және теңсіздік дәреже деп жіктеуге болады. бұлар — салыстырмалылықтың екі түрлі ішкі айырымдық мағыналары. Теңдік дәреже деп салыстырылып тұрған екі заттың не құбылыстың сын дәрежелерінің тең екенін айтсақ, теңсіздікте салыстырылып тұрған екі

заттың белгі дәрежелері тең болмай, бірінен бірінің не артық, не кем екенін түйсінеміз. Салыстырылып тұрған заттың белгі дәрежесі салыстырылу объектісінің белгі дәрежесінен үстем болады.

Біз қарастырып отырған БАҚ материалдарында мынадай мысалдар кездеседі: *Кезінде қазақ әдебиетінің аз зерттелінді делінетін – көне тарихи саласындағы Ә.Қоңыратбаевтың еңбегін бағалай келіп, Ғ.Мүсіреповтің оны Әлкей Марғұланмен иық тіресетін ғалымға балауының дәлелі аталмыш зерттеулер топтамасындағы аз-Фараби есімімен сабақтастырылатын «Әл-Фараби және Шығыс Ренессансы», «Фараби және Науаи», «Фараби және Абай» бөлімдері қазақтың түркология ғылымында оған дейін ешкімнің қаузамаған тың тақырыптары екендігі талас тудырмайды («Қаз.әдеб.»)* Бұл сөйлемде «иық тіресетін» тіркесі арқылы екі субъектінің теңдік дәрежесін көрсетеді. «Иық тіресетін» тұрақты сөз тіркесі тең, бірдей деген мағынаны білдіреді.

Бізде құл саналы, киіз нервілі көмпістер жетіп артылады. Ендігі тілек өмірде өте аз ұшырасатын хрусталь нервілі, нәзік жанды, шымырқанса шырт сынатын тектілердің тұқымы үзілмесе екен («Қаз.әдеб.»). Берілген мысалда -лы,-лі қосымшасы арқылы адам санасын деректі зат есімдерге теңеп отыр.

Компаративтілікті білдіретін жоғарыдағы салғастырмалы құрылымға ұқсас қазақ тілінде жиі қолданылатын тілдік бірлік – күрделі белгі есімдер. Белгі есімнің сөзжасамдық жүйесінде белгінің теңдік дәрежесін білдіретін екі құрамды күрделі сын есімдерге Н.Оралбаеваның анықтауы бойынша өнімді түрлері саналатын «қатыстық сын + сапа сын» үлгісі жатқызылады, оның ішінде *-дай/-дей* формалары теңдікті білдіреді [1:173]. Мысалы: балдай тәтті, баладай аңқау, сүттей ақ, мойылдай қара, абажадай үлкен т.б.

1. *Оған да себепкер болған әкедей әзіз Бейсекең («Ана тілі»).* Бұл сөйлемде субъектіні әкеге теңеп отыр. Жоғарыда көрсетілген *-дей* теңеулік құрылымы арқылы жасалып тұр.

2. *Шашы көмірдей қара жігіт қалтында екі ойлы күйде келген басым Түркістанның ақ шашты шалына айналдым бұл күнде («Ана тілі»).* Бұл сөйлемде теңеу, салыстыру анық көрінеді. Шашының қаралығын көмірдің түсіне теңеп отыр.

3. *Сәтін салып аспан шайдай ашық болған кезде төменде жатқан қала алақанға салғандай әдемі көрінеді («Егемен Қаз.»).* Бұл сөйлемде де *-дай* қосымшасы арқылы бірінші тіркесте ауа-райының бұлтсыз, ашық екендігін шайдың қасиетімен салыстырып теңеп отыр.

Екінші тіркесте «зат есім+сын есім» құрылымынан өзгеше «етістік + сын есім» құрылымы арқылы теңдік дәрежесі көрінеді.

4. Ойда-жоқта үлпершектей орыс қызды алып жетіп келген ұлының тірлігін түсінбеді («Егемен Қаз.»). Сөйлемде жоғарыда келтірілген мысалдардан бөлек, тек зат есімнің өзіне *-тей* қосымшасының жалғануы арқылы теңдік дәреже беріліп отыр.

Келесі сөйлемдегі теңдік дәреженің берілуі де осындай:

5. Киров облысына жеткен ол *торсықтай* ұлды болады («Егемен Қаз.»).

Қ.Рысалды: «Компаративтік құрылымдардың күрделі сөзге айналуының тағы бір себебін *-дай/-дей* жұрнақтары теңеулердегі зат есімнің алғашқы негізгі мағыналарынан ауткитынын көруге болады» [1:175], – деп атап өтеді. Енді осы қосымшалар арқылы жоғарыда көрсетілген «зат есім +сын есім» конструкциясы емес, «зат есім+ етістік» құрылымы арқылы да белгілі бір заттың не қимылдың сынын білдіруге болатындығын байқаймыз. Мысалы:

1. Алайда түрлі идеологиялық шырмаулар, *ауа-райындай ауытқыған саяси ахуалдар рухани тұрғыдан ұлт мүддесін ту еткен орнықты тарихшы мамандарды дайындауға қолбайлау болып отыр* («Қаз.әдеб.»). Ауа-рай өзгермелі табиғи құбылыс. Берілген сөйлемде саяси ахуалдардың өзгермелілігін ауа-райымен салыстырып теңеп отыр.

2. *Тіпті айтыста бізден бұрынғы буын мен қатар буынның біразы жастардың бет қаратпас екпініне шыдамай, толқын лақтырған боренедей шетке шығып қалып жатыр* («Егемен Қаз.»).

3. *Қарап отырсақ жер бетінде ақынын қазақтай қадірлейтін, қазақтай ардақтайтын ұлт жоқ* («Егемен Қаз.»). Бұл сөйлемде *де-тай* теңеулік конструкциясы арқылы айқындап отыр. Бірақ бұл сөйлемнің мағыналық құрылымы өзгеше, себебі қазақ ұлтын басқа ұлттардың ішінен ерекшелеп көрсетіп отыр. Яғни мұнда белгілі бір субъектімен тікелей салыстыру жоқ, алайда сөйлем мазмұнынан салыстырыла келе жоғары дәреже бергендігін аңғарамыз.

3.Қ.Ахметжанова компаративтіліктің теңдік дәрежесін білдіретін амалдарды *регінде* -ша, -ше қосымшасын көрсетеді.

Прозаға кегенің қандай дұрыс болған! – деп балаша қуанып, құттықтағаны есімде («Ана тілі»). Сөйлем «балаша қуану» тұрақты сөз тіркесі арқылы жасалып тұр, *-ша, -ше* қосымшалары салыстыру арқылы екі заттың ұқсастығын білдіреді.

Үстемелі дәреже. З.Қ.Ахметжанова нақты компаратив микроөрісінің бір түрі айырымдық компаративті шырай категориялары арқылы және синтаксистік құрылымдар арқылы жасалып тілде көрініс табатынын айтады. « Различные компаративы. Различие между сравнимаемыми предметами по степени проявления признака выражается в казахском языке двумя способами: формами так называемых степеней сравнения прилагательных и синтаксическими конструкциями»[2:93]

Ғалым айырымдық компаративтің жасалу жолдары ретінде -рак, -лау салыстырмалы шырай формасын береді.

Үстемелі дәреже – салыстырмалы сын дәрежесі теңсіздігінің бір түрі. С.Исаев екі затты сын дәрежесі тұрғысынан салыстырғанда, салыстыру субъектісі сынының дәрежесі салыстыру объектісінің сын дәрежесімен тең емес, одан үстем болуын көрсетеді. Осындай мағынаны тілде сын есім мен үстеудің салыстырмалы шырай формасы арқылы көрсетеді. Салыстырмалы шырай қазақ тілі грамматикаларында көпшілік жағдайда салыстырылып тұрған заттың бірінің сынының екіншісінен я артық, я кем екенін білдіреді дейді [3:24]. Қ.Рысалды компаративтіліктің бұл түрін «белгінің үстемелі дәрежесін білдіретін салыстырмалы құрылым (компаративті конструкция)» [1:185]деп атайды.

Біз қарастырып отырған БАҚ-тағы сын дәрежесінің берілуінде де компаративтің бұл түрі кездеседі. Мысалы: *Маған қарағанда Ұлан спортқа тұрақты (Жұлдыздар отбасы журналы).*

Асырмалы дәреже. Қ.Рысалды теңсіздік дәрежесінің бір түрі асырмалы дәреженің берілуін былай көрсетеді. Сынның салыстырмалы дәрежесі категориясының үшінші тұлғасы болып табылатын асырмалы дәрежесін грамматикалық деңгейде көрсететін формасы – асырмалы шырай түрі. Ол *ең* күшейткіш форманты қызметіндегі күшейтпелі үстеу сын есімнің жай шырай тұлғасымен бірігіп жасалған аналитикалық форма болып табылады: *ең* күшті, *ен* ақылды, *ен* биік.

С.Исаев «Қазақ тілі» атты еңбегінде асырмалы шырай тұлғасына бұл жіктеуден *ең* күшейткішімен келген сын есімнің жай шырай формасы: *ең күшті* және Зат.А-Зат.І+сын: Бұл ат-аттың жүйрігі құрылымы сәйкес келеді. Тілде бұның бір варианты ретінде жиі қолданылатын құрылым – жүйріктің жүйрігі осы асырмалы шырай мағынасын береді деп көрсетеді [3:27].

Сонымен асырмалы шырай формасын – ең күшейткішінің жай шырай формасына тіркесуі арқылы жасалатын аналитикалық тұлға дейміз.

Біз жиған мысалдар бойынша БАҚ материалдарында деректі зат есімдердің асырмалы сын дәрежесінің ішіндегі лексемасының қатысуынсыз-ақ салыстырыла беретіндігін көреміз. Мысалы:

1. 1581 жылы әлемдегі ең сұлу қалалардың бірі, Ногай Ордасы мен Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшықты орыс патшасы И.Грозный казактарын жіберіп қираттырады («Қаз.әдеб.»).

2. Сингапур – ең қымбат қала («Ана тілі»).

3. Оның айтуынша, «ЭКСПО- 20171 көрмесі аясында салыныатын қала Астананың ең сапалы және жайлы аудандарының бірі болмақ («Ана тілі»).

4. Америкалық Forbes журналы 2014 жылдағы әлемдегі ең бай адамдардың тізімін жариялады («Жас алаш»).

Бірінші және екінші сөйлемдерде қалалар арасындағы көркі мен экономикалық көрсеткіші жағынан дәрежелерінің басқа қалалардан жоғары екендігін көрсетеді. Бірінші сөйлемде ең+жай шырай аналитикалық формасының әлемдегі сөзінің тіркесіп келуі арқылы салыстырылатын басқа объектілердің санының көптігінен хабар береді. Келесі сөйлемде бұл тәсіл қолданылмайды, алайда оқырманға әлемдегі барша қалалармен салыстырылы келгендегі дәрежесін көрсетіп тұр.

Асырмалы сын дәрежесін білдіретін құрылымның тағы бір түрін берілген мысалдан көре аламыз.

1. Бүгінде жоғары қабатты үйлердің қоқыс тастайтын жәшіктерінің маңынан бейберекетсіз шашылып жатқан өзіміз қасиетті деп бағалайтын ас төресі – нан өнімдерін жиі көретін болдық («Ана тілі»).

2. Сондықтан Баян мен үшін нөмірі бірінші продюсер болып қалады.

Бірінші сөйлемде «ас төресі» тіркесі арқылы басқа тағамдармен салыстырыла келгенде «нан» өнімінің артық екендігін «төре» жоғары лауазымды білдіретін сөздің семантикалық мазмұнын ауыспалы мағынада қолдану арқылы білдіріп тұр. Екінші сөйлемде сапа сынын сан категориясы арқылы «бірінші» жоғарылықты, ілгерілікті, озықтықты білдіретін сан есімнің түрленуі арқылы салыстырыла келгенде субъектінің басқалардан асық екендігін білдіріп тұр.

Біздің зерттеу объектіміз БАҚ материалдарынан белгінің асырмалы дәрежесін білдіретін мұндай құрылым түрін кездестірмедік.

еңбектері қарапайымнан күрделіге қарай сатылы байланыста жасалған. Терминдерді жүйелеп, біріздендіру мақсатында лексика-семантикалық қатынас арқылы термин табиғатын көрсетуді мақсат еттік.

Термин өзі білдіретін мағыналық белгілері бойынша терминологиялық жүйелілікті құрайды. Жүйелілік мәселесін сөз еткенде көптеген ғалымдар ғалымдар терминдер арасындағы парадигмалық қатынас арқылы түсіндіріп келеді.

Жүйе – грек тілінде бүтін, яғни бөлшектерден тұратын біртұтас дегенді көрсетеді. Осылайша жүйе өзін құрайтын белгілі бір құрылымдық компоненттерден тұрады. Жүйелілік мәселесін қарастыруда зерттеу еңбегімізде оның құрамдас бөліктері мен олардың өзара байланысын, оның ішкі бірлігі тілдік тұрғыдан тұтастыққа келер жүйелі қатынасын көрсеттік. Терминологиядағы жүйелілікті көрсете отырып талдау барысында терминдер өз арасында екі жақты қатынаста болатынына назар аударуымыз қажет. Оның бірі – мағыналық өзара байланыста, екіншісі – жүйелілік құрылымда бір-бірімен тәуелді ұғымдық байланысуы. А.А. Реформатскийдің көрсетуі бойынша, «сөзге тәннің бәрі де, терминге де тән» [2, 121 б.].

Терминдердің жүйелілігі туралы айтқанда олардың лексика-семантикалық тезаурус сөздіктерде берілуімен, дефинициялық байланысу тәсілімен түсіндіреміз. Тілге тән барлық жүйе құраушы элементтер терминге де тән. Тағы да А.А. Реформатскийге сүйенсек, «сөздердің жиынтығы терминология – екі қожайынның қызметшісі: лексика жүйесінің және ғылыми ұғымдар жүйесінің» [1, 6 б.].

Терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы сөз еткенде ретсіз, бейберекет, стихиялы, жүрдім-бардым жасала салған терминдер де өзара жүйе құрайма, олар да жүйеге бағынған ба деген сауал туады. Әр саланың ұғымдары бір-бірімен байланыста дамитынын ескермей, тек қарабайыр әдістермен термин қалыптастыра салу – жүйесіздікке әкеледі. Терминологияның ұғымдар арасындағы ішкі жүйесін ескере отырып сөз жасау қағидаттарын басшылыққа ала термин жасау ұтымды тәсіл.

Терминологиялық лексика мен жалпы лексика арасында байланыс бар. Олардың арасында өрісаралық байланыс болады. А.А. Реформатскийдің айтуынша, «система – это связь и взаимосвязь по горизонтали, а структура – это связь и взаимосвязь по вертикали», яғни жүйеде көлденең өзара байланыс көрінсе, құрылымда ол